


«Бекітемін»

«Өрнек ауылдың бастауыш
мектебі» КММ
мектеп менгерушісі
Р.Т Ашербаканова



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары
және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу
бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру үйімі: Өрнек ауылдың бастауыш мектебі КММ
жанындағы «Балапан» шағын орталығы
Топ/сынып; ортаңғы топ
Балалардың жасы; 3-4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі; 2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: А.С Сагындыкова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы

Топ/сынып ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзben бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үрету.</p> <p>Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шенбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, тәбешікке шығып және тәбешіктен түсіп саппен жүру;</p> <p>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p> <p>Жануарлардың қимылдарына еліктеу, дене жаттығуларын орындау;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>-дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>-сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>-суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табигат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;</p>
	Көркем әдебиет	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға
	Қазақ тілі	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үрету
	Математика негіздері	Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-карсы және бірдей заттарды салыстыру бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.

Көршəған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p> <p>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.</p>
Құрастыру	әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыштар құрастыру
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу.</p> <p>Түрлі бағытта тұра сызықтарды, олардың киылышуын жүргізе білуді қалыптастыру:</p> <p>1)көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн).</p>
Мұсіндеу	<p>Заттық мұсіндеу:</p> <p>сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру.
Музыка	<p>Музыка тындау.</p> <p>түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту.</p> <p>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p>